

## "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 21 шілдедегі № 238 /7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 тамызда № 3926 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 417/11 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 19.12.2018 № 417/11 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Железин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ұсынылған Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*K. Абушахманов*

Павлодар облысы  
Железин ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы "21" шілдедегі  
№ 238/7 қаулысымен  
бекітілді

## **"Железин ауданының мәдениет және дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1. Жалпы ережелер**

1. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мәдениет, тілдерді дамыту салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып келеді.

2. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жоқ.

3. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Зандарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі мен мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық басқармасында есеп-шоттары бар.

5. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі уәкілеттілігі шеңберінде өзінің атынан азаматтық-құқықтық қатынасқа енеді.

6. Егер заңнамаға сәйкес уәкілетті болса, "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастар жағынан сөз сөйлеуге құқығы бар.

7. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленген тәртіpte өзінің құзіреттілігі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де актілер және мемлекеттік мекеме басшысының бүйрықтарымен рәсімделетін шешімдер шығарады.

8. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штаттық санының лимиті іс-әрекеттегі заңдылыққа сәйкес бекітіледі.

9. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңды мекенжайы: 140400, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка ауылы, Квитков көшесі, 7.

10. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: дүйсенбі - жұма сағат 9-00-ден сағат 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден сағат 14-30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі - жексенбі.

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

Мемлекеттік тілде: "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Отдел культуры и развития языков Железинского района".

12. Железин ауданының әкімдігі мемлекет атынан "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшы құжаты болып табылады.

14. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қаржылық қызметі аудандық бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері болып табылатын кәсіпкерлік субъектілермен "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттерін орындау барысында келісімшарттық қарым-қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметтерді жүзеге асыру құқығы берілсе онда бұл қызметтерден түскен табыстар мемлекеттік бюджетке бағытталады.

## **2. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеті, құқығы, қызметі және негізгі тапсырмалары**

16. Миссиясы: "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мәдениет, тілдерді дамыту салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

17. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мәдениет, тілдерді дамыту кешенінің жұмысын ұйымдастыру, мониторингін жүргізу, үйлестіру мәселелерінде іс-шараларды аудандық деңгейде іске асыру болып табылады.

18. Міндеттері:

1) аудандағы мәдениет, тілдерді дамыту облысында мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) мәдениеттік қызмет көрсетуде, мәдени құндылықтарды құру, қолдану және тарату шеңберінде аудан азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету;

3) қазақ және өзге де ұлттық мәдениеттің таралуын, дамытылуын, сақталуын және жандандыруларын қамтамасыз ету;

4) тарихи-мәдени мұраны сақтау және оның сақталуы үшін жағдай жасау.

19. Қызметі:

- 1) мәдениет объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етеді;
- 2) мәдениет саласында көркемдік білім және ғылыми-педагогикалық қызмет, эстетикалық тәрбие беру үшін жағдайлар туғызады;
- 3) аудандық қоғамдық-мәдени іс-шараларды өткізеді;
- 4) ұлттық-мәдени бірлестіктерімен және өзге де қоғамдық үйымдармен жұмысты жүзеге асырады;
- 5) "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыреттілігіне енетін үйымдастыру-әдістемелік және ақпараттық-аналитикалық жұмысты орындаиды;
- 6) ауданда тұратын халықтардың рухани дәстүрлерін, мемлекеттік және ұлттық тілдерін дамытудың мемлекеттік саясат саласындағы әдістемелік шараларды жүзеге асырады;
- 7) тілдерді дамыту мен үйрену үшін жағдайлар жасау және жәрдемдесу, тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін іске асырады;
- 8) мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылуын қамтамасыз ету және ауданда тіл саясатын жүргізеді;
- 9) этникалық топтар тілдерін дамыту, орыс тілінің жалпы мәдени функцияларын сақтауды қамтамасыз етеді;
- 10) аудан тұрғындарының мәдени қажеттілігін болжауды қамтамасыз ету, ауданда кәсіби-мәдени қызмет көрсету жүйесін қамтамасыз етеді;
- 11) мәдениет мекемелерінің көркем оқу-әдістемелік, ақпараттық әдебиетпен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізеді;
- 12) мәдени-сауықтыру жұмыстары мен аудандық кітапханалар жұмысын қолдай отырып, мемлекеттік және басқа да тілдерді дамыту;
- 13) ауданда ақпараттық, білімдік және мәдени-ағартушылық қызметтер үшін жағдай жасайды;
- 14) аудандық коммуналдық заң тұлғаларының жойылуы және құрылуы туралы актілерді жетілдіру, әкімдік шешімі бойынша аудандық коммуналдық заң тұлғасының жойылуы және таратылуын жүзеге асырады;
- 15) аудандық коммуналдық заң тұлғаларының (ережелерін) жарғыларын жетілдіреді, оларға толықтырулар мен өзгерістер енгізеді;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қыметтерді жүзеге асырады.

## 20. Құқығы және міндепті:

- 1) Заңмен қойылған ретте өз қызметін орындау үшін мемлекеттік органдардан, қызметтегі тұлғалардан, өзге де кәспорындар мен азаматтардан талап етеді;

2) "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізуге қатысты сұрақтар бойынша ақпараттық-аналитикалық және өзгеде материалдар дайындауды жүзеге асыру, мәдениет, тілдерді дамыту саласында мемлекеттік орган қызметінің кәсіпорындарын жетілдіру бойынша аудан әкіміне ұсыныстар енгізеді;

3) жергілікті орындаушы органдар өткізетін шараларға қатысу;

4) "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзырына енетін аудандық бағдарламалардың қаржылануын жүзеге асыру;

5) мәдениет, тілдерді дамыту саласында кәсіпорындарға ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсету;

6) қолданыстағы заңды актілермен қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

### **3. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

21. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшылығы бірінші басшымен жүзеге асып, "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндettter мен олардың функцияларының орындалуына дербес жауапкершілікті жүргізеді.

22. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы лауазымға аудан әкімімен тағайындалады және босатылады.

23. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайынтайтын және босатады;

2) өз құзыреттілігіне байланысты сұрақтары бойынша бұйрықтар шығарады, сондай-ақ "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне міндettі түрде орындаудың тапсырмалар береді;

3) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі атынан шығады;

4) құжат айналымын ұйымдастыруды, кадрлық қызмет жұмысын, орындаушы және еңбек тәртібін сактауды бақылайды;

5) "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген тапсырмаларды орындау мақсатында мемлекеттік сатып алуларды өткізуі үйимдастырады;

6) "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне сыйақы, қосымша төлем, материалдық көмек көрсету, еңбек демалыстарын ұсыну және іссапар сұрақтарын шешеді;

7) заңмен қойылған тәртіpte "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне тәртіптік жаза қояды;

8) "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жемқорлыққа қары қойылған іс-әрекетке бағытталған шаралар қолданады, жемқорлыққа қары қойылған шараларды қолданғаны үшін жауапкершілік тартады;

9) "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзырына жататын өзге де сұрақтар бойынша шешімдер қабылдайды ;

"Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының болмау кезеңінде өкілеттілікті орындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес оның ауыстыруышымен жүзеге асырылады.

24. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару бойынша уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органдың) өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

25. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саладағы уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органдың) өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

26. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және ұжымдық шартпен реттеледі.

#### **4. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлігі**

27. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органы "Железин ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

28. Уәкілетті органға мәліметтерді ұсынумен мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділік мониторингі мен жыл сайынғы есебі "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесімен өткізіледі.

29. Заңнамада көрсетілген жағдайларға байланысты "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жедел басқару құқығында оқшау мүлікке ие болады.

"Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлігі меншік иесі берген мүлік есебінен, сонымен бірге (ақшалай табысты қосқанда) Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған қызмет және басқа да көздер нәтижесінде сатып алудан қалыптасады.

30. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

31. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі басқа да заңнамада белгіленбegen қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өздігінен иеленуге немесе иелігінен шығаруға құқығы жоқ.

## **5. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату (қысқарту)**

32. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің таратылуы және қысқартылуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

33. "Железин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі таратылған кезде, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншікте қалады.